

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Ойыншықтар дүкені

ЖАРИЯЛАНДЫ
07.07.2017СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/16425/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Бейспаева Жанар Нурадиновна

Мақсаты:Бүлдіршіндердің ойыншықтары туралы түсінігін кеңейту,оларды атай отырып сипаттай білуге үйрету.Ой-өрісін тіл байлығын дамыту.Дыбыстарды анық айтуға үйрету. Ойыншықтарды күтіп,ұқыпты ұстауға тәрбиелеу,балаларды еңбекке,сыпайылыққа,ізгілікке баулу.

Көрнекі құралдары:Ойыншықтар,суреттер,дүкен.

Барысы:

-Балалар,бүгін біздің тіл дамыту оқу іс-әрекетімізге қонақтар келіпті,кәне бәріміз қонақтармен амандасайық.

Үлкенге де,кішіге де

Сәлем бердік сіздерге.

Жұмбақ жасыру:

Аяғы бар жүрмейді

Аузы бар күлмейді

Айнымайды бөпемнен

Тек сөйледуді білмейді.

(Қуыршақ)

Ғажайып сәт:Тобымызға қуыршақ Әйгерім қонаққа келді.

-Балалар,бұл не?

Қуыршақтар туралы өлең жаттап едік қой,соны айтайық:

Біздерде бар қуыршақ

Бұзау,қозы құлыншақ

Ойыншықтар тыңдайды,

Ақыл айтсақ бұйырсақ.

Қуыршақ неге жатады **(Ойыншыққа)**

Дидактикалық ойын: «Ойыншықты тап»

Ойын мақсаты:Ойыншықты атау және кеңістікті бағдарлай отырып табу.

Шарты:Тағылған ойыншықты тауып,атын атап,түсін,үлкен кішілігін ажырату.

Дыбыстық жұмыс:

Қуыршақтың тісі ауырып тұр,қалай жылайды **(i-i-i-i-i-i-i-i-i-i)**

Түлкі ет жеп жатып, тамағына сүйек тұрып қалыпты **(қ-қ-қ-қ-қ-қ-қ-қ-қ)**

Аю бал жеймін деп,араның ұясына кезігіпті.Ара қалай ызылдайды?**(з-з-з-з-з)**

Қыста балмұздақ жеп,тамағымыз ауырып қалды тамағымызды қалай шаямыз?**(f-f-f-f-f-f-f-f-f-f)**

Балалар,ойыншықтар дүкеніне бару үшін біз мына жол кедергілерден өтуіміз керек.Су ағынан өту,сандарды басып санау арқылы судан өтіп,ойыншықтар дүкеніне жетеміз.

Қызықтыру сәті:(Дүкенші келеді әндетіп)

Дүкенші:Сәлеметсіңдерме балалар!

Ашылды дүкен,мұнда бәрің қараңдар!

Бар қызықты тамашалап,назар салыңдар!

Көжек,мысық,күшікте

Тышқан отыр бұрышта

Сендер жақсы көретін

Ойыншықтардың бәрі осында.

Дүкенші:Балалар қараңдаршы,менің дүкенімнің сөрелерінде әдемі ойыншықтар көп,сендерге ұнады ма?Бұл жәй дүкеннен емес,ойыншықтары да ерекше.Ойыншықтармен ойнап олар жайлы тақпақ айтып бергенді жақсы көреді.

Шұғыла: Біз ерекше баламыз,

Айтқан тілді аламыз

Ойыншықтарды көргенде,

Қуана қарсы аламыз!

Сәлем, сәлем,

Сұңғат: Досым маған ойышық

Машинасын сыйлады

Бірақ оның ішінде,

Саусағымда сыймайды.

Ерназ: Машина, машина келеді,

Бізге белгі береді

Бип-бип-бип.

Дүкенші: Тақпақтарың әдемі, ал енді жұмбақ жасырам.

Пеш түбінде құмған

Екі көзін жұмған **(Мысық)**

Мысық қандай жануар?

Гүлназ: Тікірейген екі құлағы бар. Жүні жұп-жұмсақ мамықтай, ет жейді сүт ішеді, тышқан аулайды.

Мысығым менің әдемі

Жүні үлп-үлп етеді.

Қызғалдақ: Аю әдемі, жүні жұп-жұмсақ, көзі қап-қара. Оның төрт аяғы, екі құлағы бар.

Аю отыр партада

Екі қолы қалтада

“А” дейді, “Б” дейді, “Р”-ға тілі келмейді,

Ұйықтап қапты партада,

Бұл недеген масқара.

Дидактикалық ойын: Орнында не жоқ?

Мақсаты: Есте сақтау, ойлау қабілетін жаттықтыру. Атын атап, тақпақ айту сиқырлы сөздік қорын молайту.

Ақзере: Мынау сиыр, үй жануары, жем, шөп, су ішеді. Біге сиыр сүт, ет береді.

Мө-мө-мө дейді.

Бұзауын іздейді.

Нұрәлі: Бұл қоян, құлағы ұзын, екеу, құйрығы қысқа.

Ұзын құлақ сұр қоян

Естіп қалып сыбдырды

Ойлы-қырлы жерлермен

Ытқып-ытқып жүгірді.

Дүкенші: Тиін көңілсіз отыр ол неге көңілсіз екен? Жаңғақ жегісі кеп отыр екен, ендеше сыйлық жасайық.

“Кеме” сызбасына

Тиын—Жаңғақ

Үстіне суреттер жапсыру **Қоян—Сәбіз**

бір-біріне қосу: **Аю—Бал**

Қиынды қағаздардан, аңдардың жақсы көретін тағамдарын құрастыру. Түсіне пішініне қарау.

Қортындылау: Бізге қонаққа кім келді? Дүкеншінің ойыншықтары сендерге ұнады ма? Қандай ойыншықтар ойнадық?

Дүкенші: Біздің ойыншықтарымыз қатты қуанып қалды. Аңдардың жақсы көретін тағамдарын қағаздан құрастырдыңдар. Рахмет сендерге балалар. Дүкенші балаларға сыйлықтарын таратып берді.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.